## Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 17 наурыздағы № 82 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 наурызда № 22359 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Фитосанитариялық нормативтерді, фитосанитариялық есепке алу нысандарын, сондай-ақ оларды ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 15-02/584 бұйрығында ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11913 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген фитосанитариялық нормативтерде:

18 және 19-тараулар мынадай редакцияда жазылсын:

"

| 18-тарау. Аса қауіпті зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық нормативтер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Р/с № | Аса қауіпті зиянды организмдердің атауы | Аса қауіпті зиянды организмнің даму сатысы | Дақыл және (немесе) алқаптар | Дақылдың даму фазасы | Зияндылық шегі |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 134 | Үйірлі шегіртке тектестер; италиялық прус | дернәсілдер | ауыл шаруашылығы алқаптары | вегетациялық кезең | 1 шаршы метрге 3 және одан көп дана |
| 135 | Мароккалық шегіртке | дернәсілдер | ауыл шаруашылығы алқаптары | вегетациялық кезең | 1 шаршы метрге3 және одан көп дана |
| 136 | Азиялық шегіртке | дернәсілдер | ауыл шаруашылығы алқаптары | вегетациялық кезең | 1 шаршы метрге3 және одан көп дана |
| 137 | Астықтың сұр көбелегі | жұлдызқұрттар | жаздық бидай ( тауарлық егістер) | сүттеніп пісу | салқын ауа райында 100 масаққа 15 жұлдызқұрттан артық, қоңыржай ауа райында 20-дан артық және құрғақшылық ауа райында 30-дан артық |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұлдызқұрттар | жаздық бидай ( тұқымдық егістер) | сүттеніп пісу | жоғарыдағы көрсетілген өлшемшарттар 2 есеге төмен |
| 138 | Зиянды бақашық | қыстаған қандалалар | күздік (жаздық) бидай | түптену | 1 шаршы метрге 1-2 қыстаған қандала, құрғақшылық жылдары бұл көрсеткіш 2 есеге (0,5-1,0) төмендейді |
| | | дернәсілдер | жаздық бидай | гүлдеу-дән толысудың басы | 1 шаршы метрге 5 дернәсіл |
| | | дернәсілдер | жаздық бидай | сүттеніп пісу | 1 шаршы метрге 2 дернәсіл |
| 139 | Астық қоңыздары : кузька қоңызы, әдемі қоңыз, айқышты қоңыз | имаго | жаздық бидай | гүлдеу-дән толысудың басы | 1 шаршы метрге 3 қоңыздан артық |
| 140 | Гессен шыбыны | пупарий | бидай танабы ( аңыз) | егуге дейін | 1 шаршы метрге өмір сүруге қабілетті 5-10 және одан да көп пупарий |
| 141 | Гессен шыбыны | жұмыртқа | жаздық бидай | толық өскін - түптену | 30 %-дан астам жұмыртқалар жайлаған өсімдіктер |
| 142 | Дәнді дақылдардың аурулары: септориоз | уредокезең | бидай (күздік, жаздық) | вегетациялық кезеңнің бірінші жартысы | жапырақ орта қабатта 10-25-ке дейін, жоғары қабатта 1-5-тен аспай септориозбен, тиісінше 10 және 1 % қоңыр татпен залалданған жағдайда. Аурулар одан ерте пайда болса (түтіктенуге дейін) және қолайлы ауа-райы жағдайында бұл көрсеткіштер 2-3 есе төмендейді, ал кеш пайда болса (сүттеніп пісу), керісінше ұлғаяды |
| 143 | Қоңыр тат | уредокезең | бидай (күздік, жаздық) | вегетациялық кезеңнің бірінші жартысы | жапырақ орта қабатта 10-25-ке дейін, жоғары қабатта 1-5-тен аспай септориозбен, тиісінше 10 және 1 % қоңыр татпен залалданған жағдайда. Аурулар одан ерте пайда болса (түтіктенуге дейін) және қолайлы ауа-райы жағдайында бұл көрсеткіштер 2-3 есе төмендейді, ал кеш пайда болса (сүттеніп пісу), керісінше ұлғаяды |
| 144 | Сары тат | уредокезең | бидай (күздік) | гүлдеу | аурудың 30 % дамуы |
| 145 | Өрмекші кене | жұмыртқа, дернәсілдер, имаго | мақта | гүлшанақтанудың басталуы-пісудің басталуы | танапта өсімдіктердің залалдануы 10 %-дан артық, бір жапыраққа 1,5 кене (100 жапыраққа 150 дарақ) |
| | | | соя | | өсімдіктердің кенемен залалдануы 10 %-дан жоғары, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жұмыртқа, дернәсілдер, имаго | | вегетациялық кезеңде | оның саны 1 жапыраққа 10 дарақтан артық |
| | | | қ а н т қызылшасы | вегетациялық кезеңде | танаптағы өсімдіктің 10 %-дан астам залалдануы, кененің саны 1,5 балдан жоғары |
| 146 | Мақтадағы мақта көбелегі | жұмыртқа, жұлдызқұрт | мақта | гүлшанақтанудың басталуы – пісудің басталуы | 100 өсімдікке 8-12 жұмыртқа мен жұлдызқұрт |
| 147 | Жүгерідегі мақта көбелегі | көбелек, жұлдызқұрт | жүгері | вегетациялық кезеңде | бір торға тәулігіне 8-10 көбелек, бұл танаптағы зиянкестің шекті санына сәйкес келеді |
| 148 | Сарышұнақтар | | дәнді дақылдар, көпжылдық шөптер | вегетациялық кезең | егістерде және егістен 300 метрлік аймақта – 1 гектарға 5 аң, ал 2 километр аймақта – 1 гектарға 15-20 аңнан артық |
| 149 | Тышқан тәріздес кеміргіштер | | дәнді дақылдар, көпжылдық шөптер | вегетациялық кезең | 25 қыспаға үш кеміргіш ұстау (100 қыспаға шаққанда – 12 % ), сондай-ақ учаскеде жапалақтардың топталуы, ал солтүстік аймақта сұр тышқандардың қысқы қар асты ұяларының болуы |
| 150 | Колорадо қоңызы | қоңыздар | картоп | өсімдіктің өсу фазасында биіктігі 15-25 см дейін | картоп түптерінің 0,5-2 %-ына қоныстанған |
| | | қ ы с т а п ш ы қ қ а н қоңыздар мен дернәсілдер | картоп | гүлшанақтану фазасы – гүлдеу | саны 1 өсімдікке 20 дернәсіл мөлшерінде түптердің 5-8 %-ына қоныстанған |
| 151 | Қырыққабат көбелегі | жұлдызқұрттар | м а й л ы дақылдар | вегетациялық кезең | 10 % қоныстанған кезде бір өсімдікке 2-3 жұлдызқұрттан |
| 19-тарау. Зиянды организмдер бойынша фитосанитариялық нормативтер | | | | | |
| 152 | С а я қ шегірткетектестер | дернәсілдер | а у ы л шаруашылығы алқаптары | вегетациялық кезең | 1 шаршы метрге 8-10 дана |
| 153 | Шабындық көбелегі | жұлдызқұрттар | а у ы л шаруашылығы дақылдары | өскіндер, жас өсімдіктер | 1 шаршы метрге 5-10 жұлдызқұрт |
| | | | | вегетациялық кезеңі | 1 шаршы метрге 20 жұлдызқұрт |
| 154 | Бидай шашақ қанаттысы | дернәсілдер, имаго | жаздық бидай | түтіктеу кезеңінде-масақ шашудың басталуы | бір сабаққа 10 шашаққанатты имагосы |
| | | | | астық қалыптасу кезеңінде | бір масаққа 45-50 дернәсілден |
| | | | | | 50 % қоныстанған кезде бір өсімдікке 1-2 жұлдызқұрттан |
| | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 155 | Карадрина | жұлдызқұрттар | мақта | вегетациялық кезең | 30 % қоныстанған кезде бір өсімдікке 3 жұлдызқұрттан |
| 156 | Жағалау шыбыны | дернәсілдер | күріш | өскіндер | 1 шаршы метрге 40 жұлдызқұрт |
| 157 | Бізтұмсықтар | қоңыздар | дәнді-бұршақты және техникалық дақылдар | өскіндер – қант қызылшасының нағыз жапырақтарының пайда болуы | 1 шаршы метрге 0,2-0,3 қоңыз |
| | | | | қант қызылшасының нағыз жапырақтарының 1-4 жұбы фазасында | 1 шаршы метрге 0,5-0,6 қоңыз |
| | | | | асбұршақ өскіні | 1 шаршы метрге 5-10 қоңыз |
| | | | | мақсарының тармақталған өскіні | 1 шаршы метрге 1-2 қоңыз |

";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген фитосанитариялық есепке алу нысандары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Фитосанитариялық есепке алу нысандарын ұсыну қағидаларында:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандары ұсынылады:";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандарын фитосанитариялық есепке алу субъектілері аудандық инспекцияларға есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

1) лицензия негізінде пестицидтерді, биоагенттерді өндіруді (формуляциялауды), сатып алуды және өткізуді, биоагенттерді өсіруді және өткізуді жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есебін жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп, жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

3) пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

4) бүрку және дәрілеу техникасы мен жабдықтары (ауыл шаруашылығы авиациясы, аэрозоль генераторлары, атомайзерлік, штангалық, желдеткіш бүріккіштері, бүрку және

дәрілеу техникасының өзге де түрлері) бар фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің бүрку және дәрілеу техникасының болуы туралы есеп, жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

5) өз өсімдік шаруашылығы өнімін өндіру үшін пестицидтерді, биоагенттерді қолдануды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің химиялық өңдеулер жүргізуі туралы есепті ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әрбір айдың 10-күніне дейін ұсынады;

6) өңдеу бойынша қызметтер көрсететін фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің химиялық өңдеу бойынша қызметтер көрсетуі туралы есеп ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әрбір айдың 10-күніне дейін;

7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыруды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын зиянсыздандыру жөніндегі есеп жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

8) пестицидтерді, биоагенттерді сақтауды жүзеге асыратын фитосанитариялық есепке алу субъектілерінің қойма үй-жайларының болуы туралы есеп, жыл сайын, 10 қаңтарға дейін.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандарын аудандық инспекцияның мемлекеттік инспекторы облыстық инспекцияларға есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

1) пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есепті жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін;

2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін;

3) пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп жыл сайын, 15 қаңтарға дейін;

4) жыл сайын, 15 қаңтарға дейін бүрку және дәрілеу техникасының болуы туралы есеп;

5) химиялық өңдеулерді жүргізу туралы есеп, ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 15-күніне дейін;

6) химиялық өңдеу бойынша қызметтер көрсету туралы есеп, ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 15-күніне дейін;

7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі есеп жыл сайын, 15 қаңтарға дейін;

8) қойма үй-жайларының болуы туралы есеп жыл сайын, 15 қаңтарға дейін.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандарын облыстық инспекцияның мемлекеттік инспекторы Комитетке есептердің мынадай түрлері бойынша және мерзімдерде ұсынады:

1) пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп жартыжылдық, жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 20 шілдеге дейін және 20 қаңтарға дейін;

2) пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп, жартыжылдық, жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 20 шілдеге дейін және 20 қаңтарға дейін;

3) пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп жыл сайын, 20 қаңтарға дейін;

4) жыл сайын, 20 қаңтарға дейін бүрку және дәрілеу техникасының болуы туралы есеп;

5) химиялық өңдеулерді жүргізу туралы есеп, ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 20-күніне дейін;

6) химиялық өңдеу бойынша қызметтер көрсету туралы есеп, ай сайын, наурыздан қыркүйекке дейін, есепті айдан кейінгі әр айдың 20-күніне дейін;

7) тыйым салынған және жарамсыз пестицидтерді және олардың ыдыстарын, сондай-ақ пайдаланылған пестицидтердің ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі есеп жыл сайын, 20 қаңтарға дейін;

8) қойма үй-жайларының болуы туралы есеп жыл сайын, 20 қаңтарға дейін.";

2) "Пестицидтердің түрлері бойынша қор нормативін және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қыркүйектегі № 15-05/844 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12332 болып тіркелген, 2015 жылғы 14 желтоқсанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Ауыл шаруашылығы министрі* *С. Омаров*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық статистика бюросы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2021 жылғы 17 наурыздағы
№ 82 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2015 жылғы 29 маусымдағы
№ 15-02/584 бұйрығына
2-қосымша

## Фитосанитариялық есепке алу нысандары

Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандары:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне ұсынылады.

Әкімшілік деректерді жинауға арналған фитосанитариялық есепке алу нысандары ресми интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

## Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп

Нысан индексі: ФУ – 1
Кезеңділігі: жартыжылдық
Есепті кезең: 202__ жылғы ______ (жартыжылдық)

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына, жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына, жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне, жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 20 шілдеге дейін және 20 қаңтарға дейін.

Жеке сәйкестендіру нөмірі

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

литр, килограмм, дана

| Р/с № | Пестицидтің, биоагенттің атауы | Өлшем бірлігі (литр, килограмм, дана) | Есепті кезеңнің басындағы қалдық | Есепті кезеңде өндірілгені | Есепті кезеңде сатып алынды | | | | | Есепті кезеңде өткізілді | Есепті кезеңде берілді | Есепті пестиц биоаген өткізіл субъект атауы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | барлығы | оның ішінде | | | | | | |
| | | | | | | импорт бойынша | | елдер ішінде | | | | |
| | | | | | | саны | өткізушінің атауы | саны | өткізушінің атауы | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| | | | | | | | | | | | | |
| | | | | | | | | | | | | |

Атауы ______________________

Мекенжайы ______________________________

Электрондық пошта мекенжайы __________________________________

Телефон ________________

Орындаушы ____________ ______________________________________

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

____________ ______________________________________

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Күні 20__жылғы "___" _________

"Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп" әкімшілік

деректерді жинауға
арналған нысанға
қосымша

# "Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме ( индексі – ФУ – 1, кезеңділігі жартыжылдық)

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын ( бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына, ұсыну мерзімі жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына, ұсыну мерзімі жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне, ұсыну мерзімі жылына екі рет, есепті кезеңнен кейінгі 20 шілдеге дейін және 20 қаңтарға дейін ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан жарты жыл ішінде жүзеге асырылған пестицидтерді, биоагенттерді өндіру және (немесе) өткізу туралы ақпаратты қамтиды.

7. Егер тиісті көрсеткішке түсініктемеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

8. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 2-бағанында пестицидтің, биоагенттердің атауы көрсетіледі;

10. Нысанның 3-бағанында өлшем бірлігі (литр, килограмм, дана) көрсетіледі.

11. Нысанның 4-бағанында есепті кезеңнің басындағы пестицидтердің биоагенттердің қалдығының мөлшері көрсетіледі.

12. Нысанның 5-бағанында есепті кезеңде өндірілген пестицидтің, биоагенттердің литрінің саны көрсетіледі.

13. Нысанның 6-бағанында есепті кезеңде, оның ішінде импорт бойынша және ел ішінде сатып алынған пестицидтердің, биоагенттердің жалпы саны көрсетіледі ( нысанның 6-бағанының мәні 7 және 9-бағандар мәндерінің қосындысына тең).

14. Нысанның 8 және 10-бағандарда сатып алынған субъектінің атауы көрсетіледі.

15. Нысанның 11 және 12-бағанында есепті кезеңде өткізілген пестицидтердің саны көрсетіледі.

16. Нысанның 13-бағанында пестицидтер, биоагенттер өткізілген субъектінің атауы көрсетіледі.

17. Нысанның 14-бағанында есепті кезеңнің соңындағы пестицидтердің, биоагенттердің қалдығының саны көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

## Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп

Нысан индексі: ФУ-2

Кезеңділігі: жартыжылдық

Есепті кезең: 202__ жылғы ______ (жартыжылдық)

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына, жылына екі рет, нақты қозғалған орны бойынша 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына, жылына екі рет, нақты қозғалған орны бойынша 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне, жылына екі рет, 20 шілдеге дейін және 20 қаңтарға дейін.

Жеке сәйкестендіру нөмірі

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

литр, килограмм, дана

| Р/с № | Пестицидтердің өндірістік жіктелуі, олардың қолданылуы бойынша, биоагенттер | Пестицидтің (әсер етуші затын көрсете отырып), биоагенттің атауы | Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | Есепті кезеңнің басында болуы | Есепті кезеңде түскені | Есепті кезеңде жұмсалғаны | Өткізілгені (өзге облыстарға берілгені) | Есепті кезеңнің соңындағы қалдық |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Атауы ______________________

Мекенжайы _______________________________

Электрондық пошта мекенжайы ___________________________________

Телефон ________________

Орындаушы ____________ _______________________________________

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

____________ _______________________________________

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Күні 20__жылғы "___" _________

"Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

## "Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі – ФУ – 2, кезеңділігі жартыжылдық)

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына, ұсыну мерзімі жылына екі рет, нақты қозғалған орны бойынша 10 шілдеге дейін және 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына, ұсыну мерзімі жылына екі рет, нақты қозғалған орны бойынша 15 шілдеге дейін және 15 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне, ұсыну мерзімі жылына екі рет, 20 шілдеге дейін және 20 қаңтарға дейін ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан жарты жыл ішінде жүзеге асырылған пестицидтердің, биоагенттердің қозғалысы туралы ақпаратты қамтиды.

7. Егер тиісті көрсеткішке түсініктемеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

8. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 2-бағанында пестицидтің, биоагенттердің пайдалану объектілеріне ( инсектицидтерге, фунгицидтерге, гербицидтерге, тұқым дәрілегіштерге, биопрепараттарға, родентицидтерге және басқаларға) биоагенттерге сәйкес өндірістік классификациясына сәйкес көрсетіледі.

10. Нысанның 3-бағанында әсер етуші затын көрсете отырып пестицидтің, биоагенттердің атауы көрсетілерді.

11. Нысанның 4-бағанында есепті кезеңнің басындағы пестицидтің, биоагенттердің болуы көрсетіледі.

12. Нысанның 5-бағанында есепті кезеңде сатып алынған пестицидтің, биоагенттердің саны көрсетіледі.

13. Нысанның 6-бағанында есепті кезеңде жұмсалған пестицидтердің, биоагенттердің жалпы саны көрсетіледі.

14. Нысанның 7-бағанында есепті кезеңде өткізілген, не өзге облыстарға берілген пестицидтердің, биоагенттердің саны көрсетіледі.

15. Нысанның 8-бағанында есепті кезеңнің соңындағы пестицидтердің, биоагенттердің қалдығы көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

## Пестицидтерді, биоагенттердің сақтау туралы есеп

Нысан индексі: ФУ-3

Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең: 202 __ жыл (жыл)

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: қызметі мемлекеттік фитосанитариялық бақылау объектілерімен байланысты жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар, өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымдар, өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар.

Әкімшілік деректер нысанын ұсыну мерзімі:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына, жыл сайын, нақты сақтау орны бойынша 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына, нақты сақтау орны бойынша 15 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне жыл сайын, 20 қаңтарға дейін.

Жеке сәйкестендіру нөмірі

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | | |

литр, дана

| Р/с № | Пестицидтің, биоагенттің атауы | Есепті кезеңнің басындағы болуы | Есепті кезеңде түскені | Есепті кезеңде жіберілгені | Есепті кезеңнің соңындағы қалдық |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| | | | | | |
| | | | | | |

Атауы ______________________

Мекенжайы _______________________________

Электрондық пошта мекенжайы ___________________________________

Телефон ________________

Орындаушы ____________ _______________________________________

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам

____________ _______________________________________

(қолы) (аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Күні 20__жылғы "___" _________

"Пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанға қосымша

**"Пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (индексі – ФУ – 3, кезеңділігі жылдық)**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Өсімдіктерді қорғау туралы" 2002 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 15) тармақшасына сәйкес әзірленді.

3. Нысан:

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясына, ұсыну мерзімі жыл сайын, 10 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясына, ұсыну мерзімі жыл сайын, 15 қаңтарға дейін;

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетіне, ұсыну мерзімі жыл сайын, 20 қаңтарға дейін ұсынылады.

4. Нысанға бірінші басшы, ол болмаған жағдайда – оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

## 2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысан қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан жарты жыл ішінде жүзеге асырылған пестицидтерді, биоагенттерді сақтау туралы ақпаратты қамтиды.

7. Егер тиісті көрсеткішке түсініктемеде өзгеше айтылмаса, барлық көрсеткіштер толтыру үшін міндетті болып табылады.

8. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 2-бағанында пестицидтің, биоагенттің атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 3-бағанында пестицидтің, биоагенттің есепті кезеңнің басындағы болуы көрсетіледі.

11. Нысанның 4-бағанында есепті кезеңде сатып алынған пестицидтің, биоагенттің литрінің саны көрсетіледі.

12. Нысанның 5-бағанында есепті кезеңде жұмсалған пестицидтердің, биоагенттердің жалпы саны көрсетіледі.

13. Нысанның 6-бағанында есепті кезеңінің соңындағы пестицидтердің, биоагенттердің қалдық саны көрсетіледі.

Әкімшілік деректерді
жинауға арналған нысан

Әкімшілік деректер нысаны интернет-ресурста орналастырылған: www.gov.kz.

## Бүріккіш және дәрілегіш техниканың болуы туралы есеп

Нысан индексі: ФУ-4
Кезеңділігі: жылдық
Есепті кезең: 202 __ жыл (жыл)

